

**«Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ**

Астана қаласы – 2017 жыл

- 1) 2019 жылғы 25 сәуір №411 бұйрығымен «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жарғысына өзгеріс пен толықтырулар енгізілді.
- 2) 2019 жылғы 5 тамыз №82 бұйрығымен «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жарғысына өзгеріс пен толықтырулар енгізілді.
- 3) 2020 жылғы 21 мамыр №303 бұйрығымен «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жарғысына өзгеріс пен толықтырулар енгізілді.
- 4) 2021 жылғы 17 шілде №514 бұйрығымен «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жарғысына өзгеріс пен толықтырулар енгізілді.
- 5) 2022 жылғы 04 сәуір №159 бұйрығымен «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жарғысына өзгеріс пен толықтырулар енгізілді.
- 6) 2022 жылғы 02 желтоқсан №728 бұйрығымен «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жарғысына өзгеріс пен толықтырулар енгізілді.
- 7) 2023 жылғы 29 мамыр №423 бұйрығымен «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жарғысына өзгеріс пен толықтырулар енгізілді.
- 7) 2023 жылғы 29 қыркүйек №699 бұйрығымен «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жарғысына өзгеріс пен толықтырулар енгізілді.

1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Академия) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Академия «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы № 1306 қаулысына сәйкес құрылды.

«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 29 тамыздағы № 900 Жарлығына сәйкес Академия Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қарамағына берілді.

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігін құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 128 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігі құрылып, оның қарамағына Академия берілді.

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігін қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 13 қыркүйектегі № 328 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі болып қайта құрылып, оның қарамағына Академия берілді.

«Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 14 қыркүйектегі № 559 қаулысына сәйкес Академия 12 өңірлік мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру орталықтарын оған қосу және олардың базасында Академия филиалдарын құру жолымен қайта ұйымдастырылды.

3. «Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 5 шілдедегі № 648 және 2005 жылғы 8 шілдедегі № 1611 жарлықтарына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 8 шілдедегі № 145 Жарлығымен Академияға ерекше мәртебе берілді.

4. Академияның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

5. Академияның мүлкіне қатысты мемлекеттік республикалық меншік құқығы субъектісінің құқығын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің

Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) жүзеге асырады.

6. Академияға басқаруды жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

7. Академияның атауы:

мемлекеттік тілде – «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

орыс тілінде – Республиканское государственное казенное предприятие «Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан»;

ағылшын тілінде – Republican State Budget-Supported Enterprise «Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan»;

қысқаша:

мемлекеттік тілде – «ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» РМҚК;

орыс тілінде – РГКП «Академия управления при Президенте РК»;

ағылшын тілінде – RSBSE «Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan».

8. Академияның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Абай көшесі, 33 а.

2. Академияның заңдық мәртебесі

9. Академияның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Академияның атауы бар бланкілері, мөрі бар.

10. Академия Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Академия Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

12. Академия жасайтын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Академия қызметінің мәні мен мақсаттары

13. Академия қызметінің мәні жоғары оқу орнынан кейінгі, қосымша білім беру, ғылыми зерттеулер саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

14. Академия қызметінің мақсаттары жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру (мемлекеттік қызметшілерді, дипломатиялық қызмет персоналын, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, әскери қызметшілерді, азаматтық қызметшілерді, мемлекеттік мекемелердің, кәсіпорындардың, мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың, сонымен қатар мемлекеттік мекемелермен өзара қарым-қатынас жасайтын тұлғалардың қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыру), мемлекеттік басқару мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың әдіснамалық және ғылыми базасын құру, этносаралық және конфессияаралық қатынастар проблемалары бойынша зерттеу және оқыту, сондай-ақ мемлекеттік басқаруда жобалық менеджментті дамыту және енгізу болып табылады.

15. Көрсетілген мақсаттарды іске асыру үшін Академия мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары (магистратура, докторантура) бойынша білім беру қызметтерін көрсету;

2) қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметтерін көрсету: мемлекеттік қызметшілерді, дипломатиялық қызмет персоналын, құқық қорғау органдарының жұмыскерлерін, қызметкерлерін, әскери қызметшілерді, азаматтық қызметшілерді, мемлекеттік мекемелердің, кәсіпорындардың, мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік мекемелермен өзара қарым-қатынас жасайтын тұлғалардың қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

3) білім алушылар мен тыңдаушылардың оқыту процесін қамтамасыз ету, оның ішінде:

мемлекеттік қызметшілерді, дипломатиялық қызмет персоналын, судьяларды, сот жүйесінің қызметкерлерін, құқық қорғау органдарының жұмыскерлерін, қызметкерлерін, әскери қызметшілерді, азаматтық қызметшілерді, мемлекеттік мекемелердің, кәсіпорындардың, мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың, сонымен қатар мемлекеттік мекемелермен өзара қарым-қатынас жасайтын тұлғалардың қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруға арналған оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу және бекіту, Академияға оқуға түсу тәртібін айқындау, оның ішінде Академияда білім алушылар мен тыңдаушыларды қабылдау жоспарын әзірлеу мен бекіту;

оқу сабақтарының түрлері бойынша профессор-оқытушылар құрамы үшін оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми жүктемесінің нормалары мен көлемін бекіту; мамандарды ғылыми-педагогикалық, әдістемелік жұмыстарға тарту;

белгіленген тәртіпте ғылыми және академиялық дәрежелерді беру жөніндегі диссертациялық, аттестациялық кеңестер мен комиссиялар құру;

Академияның оқытушыларын, қызметкерлерін және білім алушылары мен тыңдаушыларын мемлекеттік басқару органдарына және/немесе жоғары оқу орындары мен ғылыми, оның ішінде шетелдік ұйымдарға тағылымдамадан өтуге жіберу;

4) мемлекеттік қызметшілерді, дипломатиялық қызмет персоналын, құқық қорғау органдарының жұмыскерлерін, қызметкерлерін, әскери қызметшілерді, азаматтық қызметшілерді, мемлекеттік мекемелердің, кәсіпорындардың, мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың, сонымен қатар мемлекеттік мекемелермен өзара қарым-қатынас жасайтын тұлғалардың қызметкерлерін мемлекеттік тілге және шет тілдеріне оқыту бойынша білім беру қызметтерін көрсету;

5) мемлекеттік басқаруда жобалық менеджментті дамыту мен енгізуді жүзеге асыру;

6) мемлекеттік қызметшілердің, дипломатиялық қызмет персоналының, судьялардың, сот жүйесі қызметкерлерінің, құқық қорғау органдары жұмыскерлерінің, қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің, азаматтық қызметшілердің, мемлекеттік мекемелер, кәсіпорындар, мемлекет қатысатын заңды тұлғалар, сонымен қатар мемлекеттік мекемелермен өзара қарым-қатынас жасайтын тұлғалар қызметкерлерінің сәйкестігін растау үшін жобалық менеджмент (немесе жобаларды басқару) саласында кәсіби сертификаттау қызметтерін көрсету;

7) білім алушылар үшін кәсіптік тағылымдамалар, практикалар ұйымдастыру мен өткізу;

8) мемлекеттік басқару, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, оның ішінде дипломатиялық қызмет, құқық, халықаралық қатынастар, білім мен ғылым, экономика, социология, саясаттану және т.б. салаларында ғылыми және социологиялық зерттеулер ұйымдастыру және өткізу;

9) мемлекеттік басқару, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, оның ішінде дипломатиялық қызмет, құқық, халықаралық қатынастар, білім мен ғылым, экономика, социология, саясаттану және т.б. салаларында мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруға қатысу;

10) мемлекеттік басқару, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, оның ішінде дипломатиялық қызмет, құқық, халықаралық қатынастар, білім мен ғылым, экономика, социология, саясаттану және т.б. салаларында бірлескен халықаралық бағдарламалар мен жобаларды ғылыми және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету, сүйемелдеу мен іске асыруға қатысу;

11) мемлекеттік органдар қызметкерлерінің кәсіби деңгейіне қойылатын базалық талаптардың ғылыми сараптамасына және мемлекеттік органдардың

кадрларын іріктеу мен біліктілігін бағалаудың ғылыми әдістемесін әзірлеуге қатысу;

12) білім және ғылым жүйесін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуге, мемлекеттік қызметшілерді, дипломатиялық қызмет персоналын, судьяларды, сот жүйесінің қызметкерлерін, құқық қорғау органдарының жұмыскерлерін, қызметкерлерін, әскери қызметшілерді, азаматтық қызметшілерді, мемлекеттік мекемелердің, кәсіпорындардың, мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың, сонымен қатар мемлекеттік мекемелермен өзара қарым-қатынас жасайтын тұлғалардың қызметкерлерін қашықтықтан оқыту үшін электрондық контент әзірлеуге қатысу;

13) Академия қызметінің мәселелері бойынша оқу-әдістемелік, ғылыми және ғылыми-әдістемелік, ақпараттық әдебиетті қағаз және электрондық тасығыштарда әзірлеу, басып шығару және оларды тарату мен іске асыру;

14) мемлекеттік басқару және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу, оқу және баспа ұйымдарымен ынтымақтастық орнату, тағылымдамаларды, симпозиумдарды, конференцияларды, форумдарды, семинарларды, көрмелерді және өзге де іс-шараларды бірлесіп өткізу;

15) қауымдастырылған профессор (доцент), профессорғылыми атақтарын Академияда жұмыс істейтін ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар тұлғаларға беру туралы өтініш беру;

16) белгіленген тәртіппен Академияның қызметкерлерін құрметті атақтар беруге және мемлекеттік наградалармен және сыйлықтармен марапаттауға ұсыну;

17) мемлекеттік органдардың кадрларын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру саласында халықаралық жобалар мен бағдарламаларды ғылыми және ұйымдастыру жағынан сүйемелдеу;

18) Академия қызметінің мәселелері бойынша сараптау, ғылыми-зерттеу және ақпараттық-талдау қызметтерін көрсету;

19) білім мен ғылымды дамытуға жәрдемдесу мақсатында түрлі білім беру бағдарламаларын, тәжірибелерді, тағылымдамаларды ұйымдастыру және халықаралық симпозиумдарды, конференцияларды, форумдарды, семинарларды, көрмелерді өткізу бойынша қызметтер көрсету;

20) этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерделеу және мемлекеттік қызметшілерді, ұйым мамандарын, этномәдени және діни бірлестіктердің, БАҚ және жоғары оқу орындардың, сондай-ақ басқа қоғамдық ұйымдардың өкілдерін мемлекеттік этносаясат мәселелері, мемлекеттік этносаясатты іске асыруды ғылыми-практикалық сүйемелдеу мақсатында этносаралық және конфессияаралық қатынастар мәселелері бойынша біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламалары шеңберінде оқыту;

21) профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлер, білім алушылар мен тыңдаушылардың тамақтануын, медициналық қызмет көрсетумен, олардың еңбек жағдайларын және тұруын қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

22) мемлекеттік қызметшілерді, дипломатиялық қызмет персоналын, судьяларды, сот жүйесінің қызметкерлерін, құқық қорғау органдарының жұмыскерлерін, қызметкерлерін, әскери қызметшілерді, азаматтық қызметшілерді, мемлекеттік мекемелердің, кәсіпорындардың, мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың, сонымен қатар мемлекеттік мекемелермен өзара қарым-қатынас жасайтын тұлғалардың қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру және тілдерді оқыту сапасын арттыруға бағытталған оқу-әдістемелік материалдарды, мерзімдік баспа басылымдарын әзірлеу және енгізу;

23) жергілікті мемлекеттік басқару тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік қызметшілердің құзыреттілік деңгейін дамыту, оқытудың қазіргі заманғы технологиялары мен әдістерін сынақтан өткізу, енгізу.

16. Академияның осы Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына жауап бермейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасасуға құқығы жоқ.

17. Академияның Қазақстан Республикасы заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызметтің мақсаттарына қайшы келетін не ректордың жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4 . Академияға қабылдау тәртібі және білім беру процесін ұйымдастыру

18. Академияға қабылдау Академияның ректоры бекіткен оқуға қабылдау ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

19. Мемлекеттік қызметшілерді даярлау мемлекеттік органның бағыты бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде жүзеге асырылады.

20. Академиядағы даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыруды ұйымдастыру тәртібі Академия ректоры бекіткен, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білімнің әзірленген білім беру бағдарламалары негізінде жүргізіледі.

21. Академияға қабылдау жоспарын мамандықтар бойынша бөлуді Академияның ректоры бекітеді.

22. Академия өз қызметі және мемлекеттік тапсырыс шеңберінде:

1) жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша білім алушылардың кезекті жинағын жариялайды;

2) тиісті саланың уәкілетті органымен келісім бойынша мемлекеттік органдар кадрларының біліктігін арттыру және қайта даярлау жоспарларын бекітеді;

3) Қазақстан Республикасында және шетелде білім алушылар мен тыңдаушылардың практикалары мен тағылымдамаларын ұйымдастыруды жүзеге асырады.

23. Академияға түсушілердің құжаттарын қабылдау, қабылдау емтихандарын өткізу және білім алушылардың құрамына қабылдауды ұйымдастыру үшін негізгі міндеті білім алушылардың контингентін қалыптастыру болып табылатын қабылдау комиссиясы құрылады.

24. Академия Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте оқу процесін дербес жүргізеді.

25. Академияда оқу мемлекеттік тілде, орыс және шет тілдерінде жүргізіледі.

26. Білім беру процесінің барлық бағыттары бойынша оқу нысаны – күндізгі оқу және/немесе қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану мүмкіндігі бар сырттай оқу. Академия өзге оқыту нысандарында қарастыруы мүмкін.

27. Білім алушылар мен тыңдаушылардың оқудағы жетістіктерін тексеру үшін Академия дербес айқындайтын бақылау мен аттестаттаудың түрлі нысандары көзделеді.

28. Академия жұмыс оқу жоспары мен оқу сабақтарының кестесіне, академиялық күнтізбе және білім беру бағдарламаларына сәйкес білім алушылардың оқу үлгерімін ағымдық бақылау және аралық аттестаттауды дербес жүргізеді.

Қорытынды аттестаттау тиісті мамандықтарға арналған жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарына сәйкес жүргізіледі және Академияның Ғылыми кеңесінде бекітіледі.

29. Академия білім алушылармен және тыңдаушылармен арадағы қатынастарды ресімдеу тәртібін, сондай-ақ білім алушыларды оқудан шығару негіздемесін және тәртібін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықтайды.

30. Білім алушылар Академиядан мынадай негіздемелер бойынша:

- 1) ректордың атына жазылған өтініш негізінде өз еркімен;
- 2) мемлекеттік қызметші мәртебесінен айырылған жағдайда;
- 3) дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы негізінде денсаулық жағдайы бойынша көрсеткіштері болған жағдайда;
- 4) жойылмаған академиялық қарыздардың болуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының білім туралы заңнамасымен көзделген міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін;

5) бір семестр ішінде дәлелсіз себептермен 15 (он бес) жиынтық академиялық сағаттан көп сабақтарға қатыспаған жағдайда;

6) Этика және академиялық адалдық кодексінде көзделген жағдайларда шығарылуы мүмкін.

Академиядан шығарылған білім алушыларға белгіленген нысандағы академиялық анықтама беріледі.

5. Академияны басқару

31. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Академияның құрылтайшысы болады;

2) Қазақстан Республикасы атынан Академияға қатысты республикалық меншік құқығы субъектісінің құқығын жүзеге асырады;

3) тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша Академия қызметінің мәні мен мақсаттарын, сондай-ақ осы қызметті жүзеге асыратын кәсіпорын түрін айқындайды және Академияның Жарғысын, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

4) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Академияға берілген немесе ол өз шаруашылық қызметі нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

5) Академия мүлкінің мақсатты және тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

6) Академияның мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған, артық, пайдаланбайтын не мақсатына сай пайдаланбаған мүлкін, бақылауды жүзеге асырған кезден бастап алты ай өткен соң тиісті саланың уәкілетті органының келісімінсіз алып қоюды жүзеге асырады;

7) Академияға алып қойылған мүлікті күтіп ұстау және оны кейіннен теңгерімінен шығара отырып, өзге тұлғаға бергенге дейін сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді;

8) тиісті саланың уәкілетті органына Академияны қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асыруға келісім береді;

9) Академияға бекітіліп берілген мүлікті (ол өндірген өнімді сатуды қоспағанда) иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, филиалдар мен өкілдіктер құруға, сондай-ақ дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға келісім береді;

10) Академияға бекітіліп берілген мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруге талдау жүргізеді;

11) Академияның жұмыс істеуі мен оларды басқару тиімділігінің мониторингін ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді.

32. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) Академия қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсететін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Академия қызметінің мәні мен мақсатын айқындау бойынша, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын кәсіпорынның түрін айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) Академияның даму жоспарларын және оларды орындау бойынша есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

4) Академия мүлкінің сақталуына және Академияның даму жоспарларының орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

5) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Академияға берілген немесе ол өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

6) Академияны басқаруды жүзеге асырады;

7) Академияның жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;

8) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Академияны қайта ұйымдастыру мен таратуды жүзеге асырады;

9) Академияның таза кірістің белгіленген бөлігін республикалық бюджетке толық және уақтылы аударуын бақылауды жүзеге асырады;

10) Академия ректорының ұсынымы бойынша вице-ректорларды қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

11) Академияның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын белгілейді;

12) Академия өндіретін және сататын тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) баға белгілейді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жататын өзге де мәселелерді шешеді.

33. Академия органы «Мемлекеттік билік органдары жүйесінде кадр саясатының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы № 828 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Ректор болып табылады.

34. Тиісті саланың уәкілетті органы Академия ректорымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

35. Академияның ректоры дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Академия қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалған өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

36. Ректор Академияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмысты ұйымдастыруға жеке жауап береді.

37. Ректор:

1) Академияның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Академияның мүлкіне билік етеді;

- 3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) банктік шоттар ашады;
- 6) Академияның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Академияның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;
- 8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;
- 9) өзінің орынбасарлары мен Академияның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;
- 10) қаржы - шаруашылық қызметіне және Академия мүлкінің сақталуы үшін;
таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны үшінжеке жауаптылықта болады.
- 11) уәкілетті орган белгілеген еңбекақы қорының шегінде еңбекақы төлеу нысандарын, құрылымын, штат кестесін, лауазымдық жалақы көлемдерін, Академияның, филиалдары мен өкілдіктерінің қызметкерлеріне сыйлықақы және өзге де сыйлықтар беру жүйесін бекітеді;
- 12) Академия филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын және директор орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
- 13) Академияның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережені бекітеді, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 14) қабылдау комиссиясы туралы ережені, сондай-ақ Академияның қабылдау және мемлекеттік аттестаттау комиссияларының құрамын бекітеді;
- 15) Академияның магистранттарын, докторанттарын және тыңдаушыларын оқуға қабылдау, шығару және олардың оқуды бітіргені туралы бұйрықтарды шығарады;
- 16) Ғылыми кеңестің шешімі негізінде Академияның профессор-оқытушылар құрамының жұмыс уақытының жылдық нормасы шегінде белгіленген жылдық оқу жүктемесін бекітеді;
- 17) Академияның ұйымдық бірліктері (құрылымдық бөлімшелері) туралы ережені бекітеді, педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын белгілейді;
- 18) білім беру қызметтерін көрсету шартының үлгісін бекітеді;
- 19) Академияның филиалдары мен өкілдіктерінің қызметі туралы есептерді бекітеді;
- 20) Академияның филиалдары мен өкілдіктерінің қызметін тоқтату туралы шешім қабылдайды;
- 21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

6. Ақылы білім беру қызметтерін ұсыну тізімі және тәртібі

38. Академия Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақылы қызметтер көрсетеді.

39. Ақылы білім беру қызметтерін іске асырумен байланысты Академия мен білім алушы арасындағы өзара қарым-қатынас білім деңгейін, оқу мерзімін, оқуға төленетін ақы көлемін, өзге де талаптарды айқындайтын шартпен реттеледі.

40. Ақылы білім беру қызметтерін ұсыну тізімі осы Жарғының 3-бөлімі 15-тармағымен айқындалады.

7. Академияның мүлкі

41. Академияның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Академияның активтері құрайды.

42. Академияның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Академия қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

43. Академияның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;
2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

44. Академияның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

45. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

46. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Академия шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Академияның жедел басқаруына түседі.

47. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Академияға бекіту туралы шешім қабылдаған, Академияда мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

48. Академияның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

49. Академияның мүлкіне жедел басқару құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ «Мемлекттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 144,154,162-баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

50. Академия осы Жарғының 51-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

51. Академия оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

8. Академияның қызметін қаржыландыру

52. Академияның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

53. Академия таза табысының бір бөлігін республикалық бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

54. Академия өзі өндіретін өнімді дербес өткізеді.

55. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті жүзеге асырудан Академия алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

9. Академияның жарғылық капиталы

56. Академияның жарғылық капиталы жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқарудағы меншік иесінен алынған мүліктен қалыптасады.

10. Академияның есепке алуы мен есептілігі

57. Академияның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Академияның ректоры бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

58. Академияның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

11. Академияның жауапкершілігі

59. Академия өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Академияның тарату жағдайларын қоспағанда, Академияның қалған мүлкін алып қоюға өтінімге жол берілмейді.

60. Академия мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қаражат жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы субсидиарлық жауаптылықта болады.

12. Академияның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

61. Академияның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

62. Академия қызметкерлерінің еңбекақы төлеу жүйесі «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен белгіленеді.

13. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынастар

63. Академияның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

64. Академияның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

14. Академияны қайта ұйымдастыру және тарату

65. Академияны қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүргізіледі.

66. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, Академияны қайта ұйымдастыруды және таратуды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

67. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Академияның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

68. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Академияның ақшасы, Академияның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

13. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

69. Академияның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның бұйрығымен енгізіледі.

Ректордың міндетін атқарушы Е.Ш. Дусипов _____